

А. Асанканов<sup>1</sup>, С.Қ. Кентбек<sup>2</sup>, А.З. Жуманова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бишкек;

<sup>2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: aiman\_jumanova@mail.ru)

## Қазақстандағы кеңестік тіл саясаты тарихының зерттелуі

Мақала бүгінгі күнгі өзекті мәселе тіл саясаты тарихының зерттелуіне арналған. Кеңестік дәуірде тіл мәселесі, кеңестік өкімет орнағаннан кейінгі жылдардағы пікірталастарды қоспағанда, тек 1989 ж. қыркүйек айындағы Пленумында ғана қаралды. 1990 ж. «КСРО халықтарының тілдері туралы» Заң қабылданды. Үкімет осындай шешімдерді Одақтағы ұлттық жағдайдың шиеленіскен кезінде ғана қолға алды. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарындағы қоғамның барлық салаларындағы өзгерістері тәуелсіз мемлекеттің жаңа бағытын қалыптастырып, дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр. Осындай маңызды мақсатты жүзеге асыру қазақ ұлты мен қазақ тілінің қоғамдағы орнын нақтылаумен тығыз байланысты. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының тарихын зерттеу, оның мән-мағынасын түсіну бүгінгі күні қоғамда туындап отырған мәселелердің шешімін табудың негізгі жолы болып табылады.

*Кілт сөздер:* тіл саясаты, кеңестік идеология, КСРО, санақ, ұлттық тіл, кеңестік тарихнама, отандық тарихнама, шетелдік тарихнама.

Кез келген қоғамның дамуындағы күрделі құбылыстардың бірі тіл мәселесі болып табылады. Қай уақытта болмасын, тіл құрлысының қоғамдық және мемлекеттік маңызы жоғары болған. Соған сәйкес, тіл — халықтың тұтастығының негізі. Тілдің адам өмірінің философиясы мен ойлау жүйесін қалыптастыратындығы белгілі.

Кеңес дәуірі кезіндегі коммунистік партияның ұлттардың қосылуы, тілдердің бірігуі сияқты міндеттері аз уақыт аралығында одақтағы жалғыз халық — кеңес халқын жасауға, соның негізінде ұлттық ерекшеліктерді жоюға бағытталды. Қазақ халқының тарихында кеңестік дәуір уақытындағы тіл саясатының әсері қазақ халқының, сонымен қатар республикада тұратын және көшірілген басқа да ұлттардың табиғи даму заңдылықтарының бұзылуына алып келді. Әрине, бұл жерде басқа ұлттармен салыстырғанда, қазақ халқының тілі, ұлттық тарихы мен мәдениетінен айырылу қауіпі басым болды.

Кеңестік жылдардағы саясат бойынша коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілді болуы басты шартқа айналып, соның нәтижесінде орыс тіліне ерекше мүмкіндік беріліп, оны игерудің маңыздылығы жоғары тұрды. Нәтижесінде, сол дәуірдегі қазақ қоғамында халықтың дүниетанымы өзгерістерге ұшырап, қазақтардың өз тіліне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына немқұрайлы қарау құбылысы байқалды. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының теріс салдары әлі де жойылған жоқ. Сондықтан тіл саясаты тарихын зерттеу, оның мән-мағынасын түсіну бүгінгі күні қоғамда туындап отырған мәселелердің шешімін табуға бағыт-бағдар беретіндігі анық.

Ұлттың дамуындағы аталған ауытқушылықтар бүгінгі таңда мемлекеттің алдында ұлт және тіл саясаты бойынша ауқымды міндеттердің жүзеге асырылуын талап етеді. 2014 ж. 17 қаңтарында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы барысында: «Қазақ тілі мәселесіне келетін болсақ, бүгінде біздің тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын артып келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Одан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты және әлі де үйренеді. Былтырға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызы өсті. Бұл да біраз жайттан бізге хабар береді» [1], — деп тоқталды. Президенттің сөзіне қарағанда, тек соңғы үш жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 млрд теңге жұмсалған. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» [1], — деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ бөліміне жатады және шамамен 8–8,3 млн адамның ана тілі болып табылады. Қазақстанда 2009 ж. жүргізілген санақ бойынша 9 982 276-дай қазақ ана тілі ретінде қазақ тілін белгілеген. Сонымен қатар республикада тұратын 1,8 млн жуық басқа халықтар да қазақ

тілін белгілі бір деңгейде меңгерген. Қазақстанда 2025 ж. қарай жазуды латыншаға көшіру жоспарлануда [2].

1998 ж. 22 қыркүйегі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Тілдер күні болып жарияланды. Соңғы жылдары Қазақстанда республикада тұратын халықтардың ана тілін дамыту назарға алынып, әсіресе мемлекеттік тіл — қазақ тіліне ерекше көңіл бөліне бастады. Бұл, шынында, өте маңызды мәселе. Кеңестік дәуірде Қазақстан толықтай орыстандыруға ұшырап, соның негізінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыт ішінде кеңестік тіл саясатының салдарын жою қиынға түсуде. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде қазақтардың 25 пайызы (кейбір мәліметтерде 40 пайыз) өзінің ана тілін білмейтіндігі айтылған болатын. Қазірдің өзінде қазақтарды өзара қазақ тілінде сөйлесуге шақырған өтініштер аз емес. Мысалы, Алматы қаласының бір демалыс орынында «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген жазуы бар тақтайшаны кездестіруге болады [2]. 1999 ж. 17 қарашадағы ЮНЕСКО Бас конференциясында қабылданған шешімге байланысты, 2000 ж. 21 ақпанынан бастап дүниежүзі Халықаралық ана тілі күнін атап өтеді (International Mother Language Day) [3].

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарындағы қоғамның барлық салаларындағы өзгерістері тәуелсіз мемлекеттің жаңа бағытын қалыптастырып, дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр. Осындай маңызды мақсатты жүзеге асыру қазақ ұлты мен қазақ тілінің қоғамдағы орнын нақтылаумен тығыз байланысты. Бүгінде Қазақстандағы тілдер арасындағы коммуникативтік қызметтің орындалу көлемі мына ретте бейнеленеді: қазақ тілі — 20–25 %; орыс тілі — 75–80 %; басқа тілдер 5%-дан көп емес [4]. Осы келтірілген көрсеткіштерде кеңестік тіл саясатының ізі жатқандығы белгілі. Қазіргі уақытта қазақ тілінің мәртебесін көтеруде қазақтардың ауызбіршілігінің болуы маңызды. Себебі кеңестік дәуірде насихатталған бір ұлт, ортақ тіл саясатының салдары қазақ ұлтының арасында әлі де жойылмай отыр. Оны Х.М. Әбжановтың сөзімен айтсақ: «Ең ауыры — барша қазаққа тән дүниетанымдық, менталитеттік, рухани, этникалық сәйкестік бұзылып, «біз» және «олар» ұғым-түсінігінің аражігін ажырата алмайтын халге жеттік. Біріміз — орысшыл, екіншіміз — батысшыл, үшіншіміз — исламға жат діншіл, төртіншіміз — қытайдың (монғолдың, өзбектің, түркіменнің...) ықпалы бойынан тарқамаған оралман, бесіншіміз — рулық-тайпалық психологияда қалған трайбалист, алтыншымыз — жекешелендірудің арқасында жеті атасынан бері бітпеген байлықтың буына піскен «жаңа қазақ», жетіншіміз ғана — нағыз қазақпыз» [5; 240]. Қазақ халқының аталған жіктерге бөлінуін біртұтас ұлттық идеологияның болмауымен, ана тілінің әлі де мемлекеттік деңгейде өз орын ала алмай отыруымен байланыстыруға болады. Ол туралы Г. Бельгер де мынадай пікір білдірген болатын: «Одно время я отчаянно искал национальную идею. В чем ее суть? Чтобы объединить народ, сбросить. Я думал и пришел к выводу, что наша национальная идея — это казахский язык. Сейчас, честно говоря, в этом весьма сомневаюсь, язык национальной идеей стать не смог. Мы живем без национальной идеи, смотрим то на американцев, то на россиян, то на китайцев — не знаем, к кому приладиться» [6].

XXI ғ. Қазақстанның тіл мәселесі өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Қазіргі уақыттағы қазақ тіліне байланысты туындап жатқан мәселелердің себеп-салдары тікелей кеңестік дәуірмен ұштасатындығы сөзсіз. XX ғ. кеңестік жүйенің ұстанған ұлт саясаты Одақ құрамындағы ұлттардың даму заңдылықтарына әсер етіп, олардың ұлттық тілі, тарихы мен мәдениетінде көптеген өзгерістер туғызды. Сондықтан, қазіргі қоғамдағы тіл мәселесін түсіну үшін, кеңестік басқару жүйесі жағдайындағы тіл саясатының тарихын терең меңгеру маңызды болып табылады.

Қазақстандағы кеңестік тіл саясаты тарихының зерттелуін үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1. Кеңестік тарихнама. 2. Отандық тарихнама. 3. Шетелдік тарихнама.

Осы үш топтың ішінде кеңестік тарихнама өзінің көлемділігімен және күрделілігімен ерекшеленеді. Оның себебі де түсінікті, кеңестік дәуірдегі тіл және ұлттық саясат мәселесі XX ғ. 20-жж. кеңестік биліктің басты назарында болып келді. Бұл мәселе бойынша көптеген пікірлер айтылып, зерттеулер шығарылды. Әсіресе тіл мәселесі қамтылған ұлттық мәдениеттің формалары мен мазмұны мәселелерінің мағынасының отандық тарихнамасы көптеген онжылдықтар бойында қалыптасты.

Ұлттық-мәдени даму мәселелері партияшілік ортада да даулы мәселелердің пәніне айналады. 1917 ж. кейін ұлттық өмірге қарай ұмтылған Ресейдің көптеген халықтары үшін ағарту мен мәдениет ұлттық дамудың басым міндеттері болып табылды. Мұны И.В. Сталин айқын түсінді: «Сол себепті ол 1925 ж. ұлттық мәдениет ұғымын ақтады». Ол мұнда сонымен қатар ұлттық мәдениетте ұлттық шеткі аймақтарды кеңестендірудің құралын көрді. 1925 ж. 29 мамырда Қазақстанның басты

партиялық комитетінің органы — «Ақ жол» газеті туралы өзінің хатында жазды: «Мен партиялық емес интеллигенттер қырғыз (қазақ. — авт.) жастарын саяси және идеологиялық тәрбиелеумен айналысуына қарсымын. Біз билікті жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді буржуазиялық партиялық емес интеллигенттерге беру үшін қолға алған жоқпыз. Бұл майдан толығымен коммунистерде қалу керек» [7; 2].

Ұлттық мәдениетті И.В. Сталиннің көзқарасымен көруін Т.Ю. Красовицкая өз түсініктемесінде Сталиннің 2 категорияны — форма мен мазмұнын қолдануымен негіздейді. Оның жазуынша, ол социализм жағдайында ұлттық мәдениеттің мазмұны өзгереді: буржуазиялық және буржуазияға дейінгі — социалистікпен шегеріледі және алмастырылады, ал ұлттық мәдениеттің тек формасы ғана қалады деп ойлаған [8; 284]. Одан әрі қарай ұлттық мәдениет ұранының трансформациясы ашылады: «ұлттық мәдениет ұраны, бұрын ұлтшылдықпен байланыстырылып келген, енді қолданбалы болып табылады, себебі кеңес билігі туы астында ұлттық мәдениет пролетарлық мазмұнмен толықтырылады (социалистік, интернационалдық, жалпы адамзаттық — Сталин үшін мұның барлығы бір болды). Басқаша айтқанда, Сталин үшін жаңа жағдайларда ұлттық мәдениеттің дамуы мазмұны бойына бірігу болып көрінді. Сталин барынша терең іс жүзінде саяси міндетті шешті — оған «пролетарлық мәдениетті» жақтаушылардың көбеюі қажет болды, олар Сталинмен жасалғанды партияның атынан ұлттық орта мазмұнына жеткізетін еді» [8; 355]. Т.Ю. Красовицкаяның еңбегі қазіргі тарихнамада 1925 ж. жалпы партиялыққа айналған сталиндік формуланы іс жүзінде алғашқылардың бірі болып талдауға ұмтылғандардың бірі екендігін атап өту керек. Бұл талдау сонымен қатар жалпы теориялық пікірталасты да, сол уақыттағы фракциялық қарама-қайшылық жағдайын да көрсету негізінде жасалған.

Ұлттық мәдениеттің басты тасымалдаушысы тіл болып табылды, алайда мәдениеттің ұлттық формасын тек тілге ғана қатыстыру мүмкін еместігі айқын болды. Ұлттық тіл әдетте көркем әдебиеттің ұлттық формасының бастапқы негізі болып есептелді. Алайда тек бір ғана тіл әдебиеттің ұлттық спецификасын айқындау үшін жеткіліксіз екендігіне 1938 ж. А.А. Фадеев назар аударды [9; 51]. Ұлы Отан соғысынан кейін әдебиеттанушы Д.Д. Благой әдебиеттің ұлттық ерекшелігі тек қана тілден ғана құралмайтындығына, оның ұлттық тақырыпта көрінетіндігін, ұлттық өмір, ұлттық болмыста көрінетіндігін атап өтті. Әдебиеттің ұлттық спецификасын ол «берілген ұлттың психикалық мінез-құлқының өзіндік болмысымен, бұл оның мәдениетінің өзіндік келбетінде көрінеді, демек, оның көркем әдебиетінің өзіндік келбетінде де көрініс табатындығымен» байланыстырды [10; 36].

Ұлттық мәдениеттің мазмұнын ашу бойынша жалпыодақтық тарихнамада іргелі теориялық немесе нақтылы тарихи еңбектер 1920, 1930, 1940, 1950 жж. жазылмады. Ұлттық мәдениетті дамыту іс жүзіндегі мәдени теңсіздікті жоюдың партия мен мемлекеттің бағыты, әдетте, Қазақстандағы партия басшыларының сөздерінде, насихаттаушылық жетістікке теңгерілген 1929 ж. И.В. Сталиннің айтқан «ұлттық мәдениеттердің өркендеуі» формуласына сайып келді. Алайда ұлттық республикаларда мәдениеттің дамуының өзі, пісіп-жетілген ғылыми-теориялық ой елегінен өткізу оны өзекті мәселеге айналдырды, бұл ұлттық мәдениеттің формуласы мен мазмұны туралы формуланың тұрақтанған түсіндірмелерін туғызды. «Мәдениет» ұғымының өзі рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде ғана түсіндірілді, бұл, әрине, ұлттық мәдениеттің формуласы мен мазмұны мәселелерін өңдеу мүмкіндіктерін шектеді.

1961 ж. қабылданған партияның жаңа бағдарламасының адамдардың санасына әсер еткен уақыты болды. Біз ұлттардың бірігуі қарсаңында тұрмыз, ұлттық тіл жойылады және ұлттық мәдениеттер бірігеді деген көзқарастар пайда болды және насихатталды. Ұлттық мәдениет мазмұны мен формасы бойынша бірегей деп бекітілді. Мәдениеттің «ұлттық формасы» ұғымы формасынан бастартып, оны «интернационалдық форма» түсінігімен алмастыру қажет болды.

Ұлттық мәдениеттің мәселелері туралы пікірталас және «социализмнен коммунизмге өту жағдайында» ұлттық қатынастарды дамытуды талқылауға арналған конференция барысында да көтерілді. 9–12 қазанда «Социализмнің дамуы мен коммунизмге өтудің заңдылықтары» кешенді мәселесі бойынша Фрунзеде КСРО ҒА жанындағы Ғылыми Кеңеспен шақырылған жиналыс өтті. Онда ұлттардың мәдени жақындасуы «социализм мен коммунизм құрылысының объективті заңдылығы» ретінде жарияланды. М.Д. Каммаридің баяндамасында «СОКП XXII съезіне дейін КСРО халықтары мәдениетінің интернационалдық негіздері жеткіліксіз зерттелгендігі және ұлттық белгілері салыстырмалы жағдайлармен қарастырылмағаны көрсетілді. Бұл қисынды түрде ұлттық форманың гипертрофиясына әкелді және КСРО халықтары мәдениетін жалпы адамзаттық үдерістерден, ұлтаралық қатынастар мен ықпалынан бөлек», — делінді [11; 211]. М.С. Джунусов

өзінің баяндамасында ұлттардың астасуы күрделі және ұзақ үдеріс екендігін және «ұлттардың бірігуі жекелеген халықтармен жинақталған барлық нәрсенің толықтай терістеу ретінде қарастыруға болмайтындығын» көрсетті [11; 212].

Ұлттық мәдениеттердің мазмұнымен формасы мәселесін нақтылы тарихи шешу туралы Н. Джусойттың айтқан ойы қызығушылық тудырады. Ол мәдениеттің тарихын «оның қиғаш бөлігінде басқа ұлттық мәдениеттермен салыстырумен қатар» қарастыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи талдауды қолдануды ұсынды [12; 253]. Дегенмен, мұндай көзқарас ұзақ жылдар бойы іске асырылмады, бұл туралы 1984 ж. В.Т. Ермаковтың мақаласында айтылды [13; 90].

КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінің тарихы бойынша зерттеулерде салыстырмалы талдау әдісі Ю.В. Арутюнян мен Л.М. Дробижеваның «Многообразие культурной жизни народов СССР» деген кітабында табысты қолданылды [14]. Сол жылдардағы оқырмандардың әдеби-көркем талғамдарындағы ана тіліндегі және орыс тіліндегі көркем әдебиеттердің арақатынасы, өмірлік ұстанымдар жүйесіндегі білімнің орны мен мағынасы, кеңестік халықтардың өмірлік салтына урбанизацияның ықпалы бұл еңбекте көрініс тапты. Этноәлеуметтік сауалнамалардың берілгендігіне халық санағының материалдарын терең талдауға негізделген бұндай зерттеулер қазақстандық тарихнамада жүргізілген жоқ.

1970–1980 жж. тарихнамада көбінесе декларативті, КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінің мазмұны мен формасы мәселелерінің «болымсыздығы» туралы мәселелер қарастырылды. Ұлттық мәдениеттердің мазмұнында ұлттық құрамдас туралы мәселенің қойылуының өзі мәдениеттегі идеялық құрушыны төмендетуге жетектейтін, таптықтың ұлттыққа айналуы ретінде қарастырылды [15; 72].

1960 жж. ортасындағы пікірталастың жауабы болмағанына қарамастан, мәселеге деген қызығушылықты арттырды. Әдебиетте «мәдениет мазмұны бойынша — социалистік, формасы бойынша — ұлттық» формуласының бұрынғы түсініктемесін толықтай қабылдаудан бастарту бағыты барынша анық байқалды. Оның тек мәселенің бір аспектісін ғана білдіретіні анық болды: ұлттық-таптық, таптық және ұлттық қатынастардың үйлесімділігіне ұмтылу. Бұл формуланы пайдалану тек ұлттық мәдени құрылыстың шынайы үдерісін көрсететін басқа теориялық ережелермен сәйкестендіріліп, пайдалану мүмкін еді. Академик Н.И. Конрад пен әдебиеттанушы Л.И. Тимофеев бұл формуладағы ішкі әлсіздік пен нақты анықтаманың жоқтығын көрсетіп берді [16; 17; 215].

«Социалистік мазмұн — ұлттық форма» формуласының қарама-қайшылығын жою үшін М.П. Ким КСРО халықтарының көпұлтты мәдениетіне жалпы сипаттама беру үшін «интернационалдық мазмұн — ұлттық форма» формуласын қолдануды ұсынды [18; 22]. Алғашқыда «интернационалдық» ұғымына «ұлттық» ұғымы нақты жауап берді. Алайда уақыт өте келе «интернационалдық» ұғымы екі мағынаға ие болды:

- 1) жалпы, халықаралық, ұлттаралық,
- 2) интернационалистік.

1980 жж. ортасында социализм жағдайында ұлттық мәдениеттің формасы мен мазмұны мәселесінің бұрынғы түсіндірмесі көптеген қарама-қайшылықтарға толы болды. Оларға, ең алдымен, форманың мазмұннан алшақтауы және мазмұнның формадан алшақтауын жатқызу керек, бұл туралы В.Т. Ермаков: «Егер мәдениеттің мазмұнында ешқандай ұлттық белгі болмаса, онда ол формада қайдан болады?» — деп, жазды [19; 92].

1980 жж. этностардың рухани, материалдық өміріндегі этномәдени белгілердің тұрақтылығын көрсететін зерттеулер жарық көрді [20, 21]. «Социально-культурный облик советских наций» кітабында жарық көрген этноәлеуметтік зерттеулердің нәтижелері [22] кеңестік халықтардың мәдени білім беру ландшафтындағы түбегейлі алға жылжулар туралы, бұл үдерістегі мәдениеттің белсенді рөлі мен этникалық сана-сезімнің өсуін көрсетіп берді. Ұлттық мәдениет мәселелерін зерттеу ғылыми ізденісті саяси тәртіптілігін күшейтуді талап етті, бұл КСРО халықтарының ұлттық мәдениеттерінің тарихи динамикасы туралы біздің түсінігімізді біршама кеңейтуге мүмкіндік беретін еді. Сонымен қатар ғылыми басылымдардың беттерінде ұлттық-дәстүрлі және интернационалдық-заманауи (дәстүрлі мәдениет пен жаңғыртудың өзара әрекеттестігі) мәдениетті сақтау арақатынасы мәселелерін ғылыми зерделеудің шетелдік тәжірибесі мүлдем көрініс таппады [23].

Кеңестік ғылымда тіл саясаты кеңестік идеология тұрғысынан зерттелді. М. Исаевтың «Языковое строительство в СССР...» [24], М. Губоглоның «Современные этноязыковые процессы в СССР...» [25], К. Ханазаровтың «Решение национально-языковой проблемы в СССР» [26],

Ю. Дешериевтің «Закономерности развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху» [27] еңбектері осындай мақсатта дүниеге келген еді.

Қайта құру жылдары публицистер, ұлттық қозғалыстың идеологтары кеңестік кезеңдегі ұлттық тіл саясаты сұрақтары туралы сөз қозғады. Осы жағдайда ондаған жылдар бойы «тілдердің өркендеуі», «лениндік ұлттық саясаттың салтанаты», «жазудың латынға, кейін орыс әліпбиіне дер уақытында ауысуы» туралы жазған тарихшы-ғалымдар және социалингвистер бірқатар тығырыққа тірелді. Маман-ғалымдар 74 жылдың ішінде түрлі кезеңде бірегей болмаған биліктің тілдік саясатын дәлелді түрде баяндаған бірлі-екілі басылымдар жарық көрді [28]. Публицистер мен ұлттық қозғалыстың идеологтары бұл саясатты ешбір жіктеусіз, негізінен, орыс тілін нығайту деңгейі бойынша революцияға дейінгі биліктен асып түскен билеушілердің зұлым еркімен туындаған ұлттық тілдік қанау саясаты ретінде қарастырды. Бұндай көзқарастардың пайда болу себептері көп, оларды дәлелдейтін фактілер де аз емес. Бірақ дегенмен эмоциялар мен конъюнктурадан бастартып, ұлттық тіл саясатының тарихи даму мәселесін, оны жүргізудегі объективті және субъективті жақтарының арақатынасын талдау негізінде қарастыру қажет болды. Қазіргі уақытта Қазақстанға көршілес Өзбекстанда, сонымен қатар Әзербайжанда жазудың латын әліпбиіне көшуі орын алғанда, Қазақстанда да латын әліпбиіне көшу туралы сұрақ, араб әліпбиі негізіндегі жазудың латынға, кейін орыс әліпбиіне көшу тарихы мәселелері талқылануда, бұл ғылыми орталар мен барлық қауымдастықтың күмәнсіз қызығушылығын тудырды.

КСРО халықтарының мәдениетінің мазмұнын тек бірегей идеялық-таптық негізге жатқызу мәліметінің бұрыстығы және мәдениеттің ұлттық формасын тек көркем, тілдік және тұрмыстық мәдениет саласында бекіту мойындалды. Ұлттық мәдениет мәселесінің тарихнамасының маңызды қорытындысы болып ұлттық мәдениетке деген нигилистік көзқарастан ғылыми-теориялық ойлардың бастартуы, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда барынша ауқымды және терең, берілген халықпен жасалған рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде ұлттық мәдениетті анықтау деп білу керек. Қайта құру жылдарында ұлттық қатынастардың шешімін таппауы мен шиеленісуімен байланысты билік «ұлттық мәдениеттің гүлденуі» туралы насихаттау ұранынан бастартып, ұлттық мәселелердің бар екендігін және ұлттық мәдени дамудағы қиындықтарды мойындады.

Отандық тарихнамада Қазақстандағы тілдік қатынастардың даму тарихы толық қарастырылмаған. Қайта құру жылдарында бұл мәселелерге қазақстандық тарихнама баяу қарады. Соғысқа дейінгі кезеңде мәдени-тарихи дәстүрлердің сабақтастығында жағымсыз әсер еткен қазақтардың жазуын екі рет ауыстыру тек сирек жағдайда ғылыми талдаудың нысанына айналды. Ғылыми мерзімдік баспасөз және публицистика барынша белсенді түрде соғыстан кейінгі кезеңді, тың игеру аудандарында қазақ тілді оқытуы бар 700-ден астам мектептер жабылған тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңін талдады. Салдарынан бұл сан өсті [29], бірақ одан әрі қарай бұл тақырып басылып шықпады. 1950–1960 жж. қазақ мектептерінің санының азаюы мәселесі басқа қызығушылыққа толы тақырыптан жанама қарастырылды, бұл елді Н.С. Хрущев басқарған кезеңді бағалаумен байланысты болды. Қазақстандықтар үшін бұл кезең тек тың жерлерді игеру кезеңі болып қана қоймады. Елді Н.С. Хрущев басқарған жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі бірқатар жерлер көршілес Өзбекстанның құрамына берілді, көршілес Астрахань облысына батыстағы мұнай-газы бар аудандарды беру туралы шешім дайындалды. Тың өлкесін құрумен байланысты шекараны белгілеу жоспарларымен, халшаркомдарды ұйымдастырумен байланысты әкімшілік бөлу реформасы да болды.

Республиканың басшылары мен зиялы қауымы Н.С. Хрущевтың «орыс емес халықтардың КСРО халықтары үшін іс жүзінде екінші ана тіліне айналған орыс тілін меңгеруге деген қарқынды талпынысы», «Біз орысша неғұрлым тезірек сөйлесе білетін болсақ, соғұрлым коммунизм орнайтыны» туралы мәлімдемелерінің салдарынан қауіптенді [30]. Осындай басылымдардың көптігі шегінде соғысқа дейінгі кезеңнің ұлттық тіл саясаты мәселелерінің қазақстандық тарихнамасы көп жылдар бойы «қазақ жазуының латын негізіне дер уақытында көшуі», «арабқа қарағанда латын әліпбиі барынша заманауи болғандығы», оның «мәдениетке мұсылман басшылығы мен буржуазиялық ұлтшылдардың ықпалын бұзуына әсер еткендігі» және «қазақ тілінің табиғатына орыс әліпбиінің барынша сәйкестігі» туралы айтып келді [31; 365]. Әліпбиді реформалау мәселелері қазақстандық тарихнамада мәдени құрылыс тарихы бойынша жалпылама еңбектерде қарастырылды [32, 33]. Бұл жұмыстардың барлығы үшін бір жалпыға ортақ белгі тән — авторлардың «әліпбиді іс жүзінде унификациялауға әкелген» реформалардың прогрессивтілігін дәлелдеуге және осы унификацияның негізінде «социалистік ұлттық мәдениеттердің» сатылап басымды дамуы көрсетуге

талпынууы тән [8; 354], — деп Т.Ю. Красовицкая атап өтеді. Тарихнамадағы ұлттық тіл саясатының мәселелеріне біржақты апологетикалық көзқарас жазу графикасын жаңғыртудың негізгі бағыттарының айналасындағы саяси күресті шиеленістіре түсуге әкелді.

Социализм жағдайында революцияға дейінгі ұлттық мәдениеттің прогрессивтік элементтерімен не болып жатыр? деген сұраққа жауап болмады. Егер жалпыодақтық әдебиетте мәдени мұрада тұрақты дәстүрлерді сақтау туралы сөз қозғалса, қазақстандық тарихнамада ол сақталған мұраның шеңберінен шықпады (ғылыми ойлар, ауыз әдебиеті, Абайдың әдеби мұрасы мен музыкалық шығармашылық) [31; 489].

Қазақстандағы тілдердің дамуына байланысты зерттеулер ХХ ғ. 80-жж. соңынан бастап неғұрлым белсенді жүргізілді. Ұлттық тілдердің республикадағы дамуына байланысты Б.Х. Хасанов [34], О.Б. Алтынбековалардың [35] ғылыми зерттеулерінде қарастырылды. Соның ішінде О.Б. Алтынбекова Орта Азия республикаларындағы тіл саясаты мәселесін қарастыра отырып, Қазақстандағы көші-қон үрдістері және оның республиканың аймақтарындағы тілдік ортаға ықпал етуі, халықтың этникалық құрамындағы өзгерістерін қарастырады. Сонымен қатар алғашқылардың бірі болып Г.В. Каннның [36] Қазақстандағы корейлер туралы еңбегі жарық көрді.

Қазақтың ұлттық мәдениеті, тіліне байланысты өзекті мәселелер Х.М. Әбжановтың зерттеулерінің басты нысаны болып табылады. Ол тілдің қоғамдағы немесе нақты мемлекеттегі саяси-идеологиялық, экономикалық, демографиялық, тағы да басқа ахуалмен өсетіндігін немесе өшетіндігін айта келе, әлеуметтік дамудың жалпы екі моделінің болатындығына тоқталады. Бірі — халықтың өз мемлекеттілігін, шаруашылық-мәдени типін, идеологиясын, болмыс — бітімін диалектикалық байланыс және қатынастар желесінде айқындауы, екіншісі — өзінен күштінің қармағына ілігіп, тәуелді, отар халық ретінде өмір сүруі. Х.М. Әбжанов қазақ халқының аталған баламалардың екеуін де басынан өткергендігін атап өтеді [37; 320].

Мәдениет тарихын зерттеуші Р.М. Жұмашев 1917–1991 жж. Қазақстан мәдениетінің тарихнамасын қарастыру барысында кеңестік тіл саясатына байланысты 1930 ж. ортасынан тіл саясатындағы ұрандар сақталып, ал шынайы саясаттың өзгергендігін атап өтеді. Саясаттағы өзгерісті жазудың кириллицаға ауысқанын көрсетті. Жаңа тіл саясатының түпкілікті рәсімделуіне БК(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1938 ж. 13 наурызындағы «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Жарлығы нүкте қойды. Бұл шара мектептердегі тілдердің арақатынасының өзгеруіне әсер етті. Р.М. Жұмашевтың ойынша, сол жылдардағы тіл саясатының революцияға дейінгі кезеңге ұқсап кеткендігін жазады. Сонымен қатар ол барлық халықтардың ұлтаралық байланысқа түскендігін, соған сәйкес көпшіліктің орыс тілін меңгерудің қажеттілігін түсінгендіктерін атап өтеді. Ал, 1940 ж. 10 қарашасындағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің V Сессиясында қабылданған «Қазақ жазуын орыс графикасының негізіндегі жаңа алфавит латыншаға көшіру туралы» Заңын тіл саясатының логикалық аяқталуы деп бағалайды [38].

Қазақстандағы тіл тарихын Н.Т. Жанақова [39] өз зерттеуінің негізгі нысаны етіп алды. Ол кеңестік кезеңде қазақ тілінің өркендеуіне кері ықпал еткен мынадай ішкі және сыртқы әлеуметтік-демографиялық процестерді атап көрсетеді: ұжымдастыру, немесе қолдан жасалған ашаршылық, зардаптары; Кеңес Одағы бойынша, әсіресе Қазақстандағы жаппай индустрияландыру; Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей мен Украинадан ірі өнеркәсіп орындарының Қазақстанға көшірілуі; Кеңес Одағын басқарған Н.С. Хрущевтің тың игеру саясаты. Оның пікірінше, ұжымдастыру жылдарында жіберілген қателіктер мен ашаршылық салдары Қазақстандағы демографиялық процестердің қалыпты арнасын бұзып, қазақ тілінің дамуына орасан зор зиян келтірді.

Тіл саясатын меңгеруде өз үлесін қосатын Э.Д. Сүлейменованың тілдік үрдістер мен саясат мәселесіне арналған монографиясын атап өтуге болады. Аталған еңбекте автор тілдік идеология, тіл саясаты, тілдік жоспарлау сияқты ұғымдарға түсініктер бере отырып, әр түрлі мысалдардың негізінде тілдік идеология мен тіл саясатының түрлерін сипаттайды. Сонымен қатар Қазақстандағы орыстандыру және қазақтандыру үрдістеріне талдаулар жүргізеді [40]. ХХ ғ. ортасына дейінгі кеңестік биліктің Қазақстанда жүргізген тіл саясатының қалыптасуын, барысын тарихи құжаттардың негізінде Д. Махат зерттеді [41]. Зерттеуші республикадағы жергіліктендіру үдерісіне, латын әліпбиін енгізуге байланысты туындаған ахуалға, жалпы қазақ тілінің кеңес дәуіріндегі жағдайына жан-жақты талдаулар жасайды. Осы ретте латын әліпбиіне көшу мәселесі С.О. Смағұлованың зерттеуінің басты

нысаны болып, ол XX ғ. 20–30 жж. латын әліпбиіне ауысу себептеріне, барысына өз көзқарасын білдіреді [42].

Кеңестік дәуірдегі тілдік ахуал, тілдік идеология және саясатын саяси факторлар тұрғысынан қарастырған еңбектер де жазылды. Оларда 1946–1960 жж. Қазақстандағы ұлттық-тіл құрылысындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары [43], тіл саясатының жағдайы мен болашақтағы даму жолдары [44] қарастырылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары тілдік даму, ұлт мәселесіне байланысты ғылыми зерттеулердің көлемі ұлғайды. Олардың ішінде республикадағы ұлттық-мәдени орталықтардың қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне [45], 1956–1991 жж. Қазақстандағы ұлттық мәселенің тарихнамасына [46], 1975–1995 жж. қазақ ұлттық мектептерінің дамуына [47], 1980–1994 жж. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесіне [48], 1985–1995 жж. республикадағы көпұлтты білім беру жүйесінің дамуына [49] арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрді. Сонымен қатар Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу және даму жолдары А.Ә. Рамазанның зерттеуінде қарастырылды [50]. Ол кеңестік тіл саясатын қазақ баспасөзінің дамуымен байланыстыра отырып, қарастырады.

Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін тіл саясатын жаңаша тұрғыда зерттеуге алыс және жақын шетел ғалымдары тарапынан көңіл бөліне бастады. В. Алпатовтың «150 языков и политика 1917–2000. Социоллингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства» [51] еңбегі тіл саясаты тарихына байланысты қалыптасқан көзқарастарға үлкен өзгерістер енгізді. Кеңестік жүйенің қуғынына ұшыраған А. Авторхановтың «Империя Кремля» [52] еңбегінің Одақтың құрамында болған ұлттардың тілін дамытуға байланысты шектеулерді анықтауда маңызы зор. КСРО-дан тәуелсіздік алған республика ғалымдары кеңестік тіл саясатының жергілікті ұлт тіліне әкелген зардаптарын терең талдай бастады. Г. Асатованың «Языковая политика в Узбекистане в XX веке: суть, последствия и уроки» [53], В. Заблоцкийдің «Языковая политика в Украине: состояние и направление оптимизации» [54] тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларында кеңестік тіл саясатының салдарлары ашып көрсетілді.

КСРО көлеміндегі тіл саясаты тарихы батыс зерттеушілерінің тарапынан да қарастырылды. Француз академиясының президенті Элен Каррер д'Анкосс «Алфавитный развод» тақырыбында мақала жариялап, онда зерттеуші И.В. Сталиннің барлық КСРО халықтарына бір ғана алфавитті қабылдатып, ұлттардың тілдік және мәдени дамуын біртіндеп тоқтатуды жоспарлағанын жазады. Оның ойынша, бұл ең айлакер шешім болып табылды. Модернизацияны жүзеге асыру қолға алынғанымен (түрік реформаторы М. Кемальдың үлгісінде), бірақ негізгі мақсат жазу деңгейінде тілдерді орыстандыру болып табылды. Элен Каррер д'Анкосстың пікірінше, осы жан-жақты ойластырылған операция 1939 ж., яғни орыс тілінің алфавиті барлық КСРО халықтарының міндетті жазуы ретінде белгіленген уақытта, аяқталды [55].

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 2 *Амирхамзин А.* Языковая политика в Казахстане. — [ЭР]. Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 3 Международный день родного языка. — [ЭР]. Режим доступа: [http:// www.calend.u/holidays/0/0/ 1860/](http://www.calend.u/holidays/0/0/ 1860/).
- 4 *Жангазы Р.* Системный подход в реализации государственной языковой политики Республики Казахстан до 2020 года: анализ, стратегия, политика, прогнозы. — [ЭР]. Режим доступа: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>.
- 5 *Мүсіреп F.* Рухыңды түсірме, ұлым! — Алматы: Азия-Арна, 2010. — 240 б.
- 6 *Бельгер Г.* Мы страшно скудем умственно. — [ЭР]. Режим доступа: [http:// www.caravan.kz](http://www.caravan.kz).
- 7 Сталин против Казахстана // Казахстанская правда. — 1991. — 31 мая.
- 8 *Красовицкая Т.Ю.* Модернизация России. Национально-культурная политика 20-х годов. — М.: Наука, 1998. — 284 с.
- 9 *Фадеев А.* Литература и жизнь: ст. и речи. — М.: Сов. писатель, 1939. — 168 с.
- 10 *Благой Д.Д.* О национальной специфике литературы (к постановке вопроса) // Большевик. — 1951. — № 18. — 36 с.
- 11 Развитие национальных отношений в условиях перехода от социализма к коммунизму // Народы Азии и Африки. — 1964. — № 2. — С. 211.
- 12 Национальное и интернациональное // Дружба народов. — 1967. — № 1. — С. 253.
- 13 Культура в общественной системе социализма. Теоретические и методологические проблемы. — М.: Наука, 1984. — 220 с.

- 14 Арутюнян Ю.В. Многообразие культурной жизни народов СССР: науч. изд. / Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижева. — М.: Мысль, 1987. — 304 с.
- 15 Головнев А.И. Интернациональное и национальное в развитии социалистической культуры. — Минск: Беларусь, 1974. — 208 с.
- 16 Конрад Н.И. Октябрь и филологические науки // Новый мир. — 1971. — № 1. — С. 214.
- 17 Тимофеев Л.И. К проблеме формы и содержания // Современные проблемы литературоведения и языкознания. — М., 1974. — 494 с.
- 18 Ким М.П. Проблемы развития социалистической культуры // Культура развитого социализма: некоторые вопросы теории и истории. — М., 1978. — С. 17–28.
- 19 Ермаков В.Т. К вопросу о содержании и форме национальных социалистических культур // Культура в общественной системе социализма. Теоретические и методологические проблемы. — М.: Наука, 1984. — 220 с.
- 20 Арутюнян Ю.В. Развитие социально-профессиональной структуры и устойчивость этнокультурных черт в советском обществе // Советская культура. 70 лет развития. К 80-летию академика М.П.Кима. — М.: Наука, 1987. — 398 с.
- 21 Арутюнян Ю.В. Социально-культурное развитие и сближение наций в СССР на современном этапе / Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижева. — М.: Знание, 1972. — 32 с.
- 22 Социально-культурный облик советских наций: по результатам этносоциологического исследования: учебник. — М.: Наука, 1986. — 453 с.
- 23 Взаимодействие традиционных культур и модернизации // Народы Азии и Африки. — 1977. — № 1. — С. 82.
- 24 Исаев М.И. Языковое строительство в СССР: процессы создания письменностей народов СССР. — М.: Наука, 1979. — 349 с.
- 25 Губогло М.Н. Современные этноязыковые процессы в СССР: основные факторы и тенденции развития национально-русского двуязычия. — М.: Наука, 1984. — 288 с.
- 26 Ханазаров К.Х. Решение национально-языковой проблемы в СССР: науч. изд. — 2-е изд., доп. — М.: Политиздат, 1982. — 224 с.
- 27 Дешериев Ю.Д. Закономерности развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. — М.: Наука, 1976. — 418 с.
- 28 Алтатов В.М. Языковая политика в СССР в 20–30-е годы: утопии и реальность // Восток. — 1993. — № 5. — С. 113–127.
- 29 Абжанов Х.М. «Белые пятна» культурного строительства // Казак тарихы. — 1993. — № 3. — С. 47–50.
- 30 Воспоминания. Мемуары Никиты Сергеевича Хрущева // Вопросы истории КПСС. — 1990. — № 3. — С. 96.
- 31 Сулейменов Р.Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. — Алма-Ата: Наука, 1972. — 494 с.
- 32 История советской школы в Казахстане. — Алма-Ата: Казахское гос. учеб.-пед. изд-во, 1962. — 365 с.
- 33 Канапин А.К. Расцвет культуры казахского народа: Общие проблемы культуры. Закономерности, тенденции, особенности культурного строительства в Казахстане после Великой Октябрьской революции / А.К. Канапин, А.Д. Яндаров. — Алма-Ата: Казахстан, 1977. — 254 с.
- 34 Хасанов Б.Х. Национальные языки, двуязычие и многоязычие: поиски и перспективы: науч. изд. — Алма-Ата: Казахстан, 1989. — 135 с.
- 35 Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография. — Алматы: Экономика, 2006. — 415 с.
- 36 Кан Г.В. История корейцев Казахстана. — Алматы: Ғылым, 1994. — 208 с.
- 37 Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. — Петропавл: Полиграфия, 2011. — 364 с.
- 38 Жумашиев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана (1917–1991 гг.). — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — 147 с.
- 39 Жанақова Н.Т. Қазақстандағы тіл тарихы: оқу құралы / ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. — Алматы: Арда, 2006. — 192 б.
- 40 Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: монография. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2011. — 117 с.
- 41 Махат Д. Тіл мен тіл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: мақалалар мен зерттеулер. — Астана: Ана тілі – Ата тарих, 2007. — 192 б.
- 42 Смагулова С.О. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы латын әліпбесіне көшу мәселесі тарихынан // Отан тарихы. — 2007. — № 1. — 120–130-б.
- 43 Кудайбергенова Ж.А. Национально-языковое строительство в Казахстане (1946–1960 гг.). Исторический аспект. — Алматы, 1999. — 140 с.
- 44 Абдығалиев Б. Языковая политика в Казахстане: состояние и перспективы // Казахская миссия: сб. ст. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 313 с.
- 45 Тлепина Ш.В. Национально-культурные центры Республики Казахстан: становление, деятельность, проблемы (1985–1995 гг.): дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1997. — 207 с.
- 46 Батпеннова З.С. Историография национального вопроса в Казахстане (1956–1991 гг.): дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1999. — 178 с.
- 47 Джумалиева Л.Т. 1975–1995 жылдардағы қазақ мектептері (даму тарихы және тағлымы): тарих ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1987. — 159 б.
- 48 Құттыбаева Р.С. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесі (1980–1994 жж): тарих ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1985. — 164 б.
- 49 Кадысова Р.Ж. История развития системы многонационального образования в Казахстане: опыт и проблемы (1985–1995 гг.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1999. — 30 с.



50 Рамазан А.Ә. Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары: филол. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2010. — 242 б.

51 Аллатов В. 150 языков и политика. 1917–2000. Социоллингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства. — М.: Институт востоковедения РАН, 2000. — 224 с.

52 Авторханов А. Империя Кремля (журнальный вариант). — М.: Полифакт – Дружба народов, 1991. — 112 с.

53 Асатова Г.Р. Языковая политика в Узбекистане в XX веке: суть, последствия и уроки: автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Ташкент, 2004. — 29 с.

54 Заблоцкий В. Языковая политика в Украине: состояние и направление оптимизации: автореф. дис. ... канд. полит. наук. — Харьков, 2007. — 16 с.

55 Культура. Еженедельная газета интеллигенции. — 1999. — № 42 (7202). — 23 ноября. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www.Kultura-portal.ru/tree\\_new/culpaper/article.jsp?number=94&rubric\\_id=200](http://www.Kultura-portal.ru/tree_new/culpaper/article.jsp?number=94&rubric_id=200)

А. Асанканов, С.К. Кентбек, А.З. Жуманова

## История историографии языковой политики Советского правительства в Казахстане

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме — истории историографии языковой политики. По мнению специалистов, отмечено в статье, реально проблема языка в СССР была поднята только в сентябре 1989 г., за исключением дебатов после установления Советской власти. В 1990 г., в результате ухудшения межнациональной ситуации, был принят Закон о языках народов СССР. Авторами подчеркнуто, что после объявления независимости Казахстана было много изменений во всех сферах общественной жизни, которые указали на потребности нового направления в развитии языковой политики. И одним из направлений, по мнению исследователей, является идентификация государственности и языка в обществе. Для этой цели, определено авторами, важно исследовать языковую политику, проводимую в Казахстане в советский период, так как это позволит найти решение современных социальных проблем.

A. Asankanov, S.K. Kentbek, A.Z. Zhumanova

## History of a historiography of language policy of the Soviet government in Kazakhstan

Article is devoted to a problem of history of a historiography of language policy actual today. According to experts really the language problem in the USSR has been lifted only in September, 1989, except for debate after establishment of the Soviet government. In 1990, as a result of deterioration in an international situation, the law on languages of the people of the USSR has been adopted. After declaration of independence of Kazakhstan there were many changes in all spheres of public life, and they have pointed to needs of the new direction for development of language policy. And one of the directions, according to researchers, is identification of statehood and language in society. And it is for this purpose important to investigate the language policy pursued in Kazakhstan during the Soviet period as it will allow us to find answers to modern social problems.

### References

- 1 Message of President N.A. Nazarbaev to people of Kazakhstan, January, 17, 2014, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz>.
- 2 Amirkhamzin A. *Language policy in Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 3 *International day of the native language*, [ER]. Access mode: <http://www.calend.u/holidays/0/0/1860/>.
- 4 Zhangaza R. *System approach in realization of the state language policy of the Republic of Kazakhstan till 2020: analysis, strategy, policy, forecasts*, [ER]. Access mode: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>.
- 5 Musirep G. *Rukhyndy to a tusirma, uly!* Almaty: Asia Arn, 2010, 240 p.
- 6 Belger G. *We terribly grow scanty intellectually*, [ER]. Access mode: <http://www.caravan.kz>.
- 7 *Kazhkhstanskaya pravda*, 1991, May, 31.
- 8 Krasovitskaya T.Yu. *Modernization of Russia. National and cultural policy of the 20th years*, Moscow: Nauka, 1998, 284 p.
- 9 Fadeyev A. *Literature and life: Art. and speeches*, Moscow: Sovetski pisatel, 1939, 168 p.
- 10 Blagoi D.D. *The Bolshevik*, 1951, 18, 36 p.

- 11 *The People of Asia and Africa*, 1964, 2, 211 p.
- 12 *Friendship of the people*, 1967, 1, 253 p.
- 13 *Culture in public system of socialism. Theoretical and methodological problems*, Moscow: Nauka, 1984, 220 p.
- 14 Arutyunyan Yu.V. *Variety of cultural life of the people of the USSR: scientific publication* / Yu.V. Arutyunyan, L.M. Drobizheva, Moscow: Mysl, 1987, 304 p.
- 15 Golovnev A.I. *International and national in development of socialist culture*, Minsk: Belarus, 1974, 208 p.
- 16 Conrad N.I. *New world*, 1971, 1, 214 p.
- 17 Timofeev L.I. *Modern problems of literary criticism and linguistics*, Moscow, 1974, 494 p.
- 18 Kim M.P. *Culture of the developed socialism: some questions of the theory and history*, Moscow, 1978, p. 17–28.
- 19 Ermakov V.T. *Culture in public system of socialism. Teoretichesky and methodological problems*, Moscow: Nauka, 1984, 220 p.
- 20 Arutyunyan Yu.V. *Soviet culture. 70 years of development. To the 80 anniversary of the academician M.P. Kim*, Moscow: Nauka, 1987, 398 p.
- 21 Arutyunyan Yu.V. *Social cultural development and rapprochement of the nations in the USSR at the present stage* / Yu.V. Arutyunyan, L.M. Drobizheva, Moscow: Znanie, 1972, 32 p.
- 22 Welfare shape of the Soviet nations: by results of ethnosociological research: textbook, Moscow: Nauka, 1986, 453 p.
- 23 *People of Asia and Africa*, 1977, 1, 82 p.
- 24 Isaev M.I. *Language construction in the USSR: processes of creation of writings of the people of the USSR*, Moscow: Nauka, 1979, 349 p.
- 25 Guboglo M.N. *Modern ethnolanguage processes in the USSR: major factors and tendencies of development of the national-Russian bilingualism*, Moscow: Nauka, 1984, 288 p.
- 26 Hanazarov K.H. *The solution of a national and language problem in the USSR: scientific publication*, prod. the 2nd, additional, Moscow: Politizdat, 1982, 224 p.
- 27 Desheriyev Yu.D. *Regularities of development of the literary languages of the people of the USSR during the Soviet era*, Moscow: Nauka, 1976, 418 p.
- 28 Alpatov V.M. *Vostok*, 1993, 5, p. 113–127.
- 29 Abzhanov Kh.M. *Khazak tarihy*, 1993, 3, p. 47–50.
- 30 *History CPSU Questions*, 1990, 3, 96 p.
- 31 Suleymenov R.B. *Lenin ideas of a cultural revolution and their implementation in Kazakhstan*, Alma-Ata: Nauka, 1972, 494 p.
- 32 *History of the Soviet school in Kazakhstan*, Alma-Ata: Kazakh state educational and pedagogical publ. house, 1962, 365 p.
- 33 Kanapin A.K. *Blossoming of culture of the Kazakh people: The general problems. cultures. Regularities, tendencies, features of cultures. a str-va in Kazakhstan after Great October revolution* / A.K. Kanapin, A.D. Yandarov, Alma-Ata: Kazakhstan, 1977, 254 p.
- 34 Chasanoff B.Kh. *National languages, bilingualism and mnogoyazychiye: poisk and prospects: scientific publication*, Alma-Ata: Kazakhstan, 1989, 135 p.
- 35 Altynbekova O.B. *Ethnolanguage processes in Kazakhstan: monograph*, Almaty: Economy, 2006, 415 p.
- 36 Kahn G.V. *History of Koreans of Kazakhstan*, Almaty: Gylm, 1994, 208 p.
- 37 Abzhanov H.M. *Turks of an alemindega Kazakstan: irgel tarikh of Zhane methodology*, Petropavlovsk: Poligrafiya, 2011, 364 p.
- 38 Zhumashev R.M. *Sketches of cultural history of Kazakhstan (1917–1991)*, Karaganda: Publishing house KSU, 2002, 147 p.
- 39 Zhanakova N.T. *Kazakstandagy til tariykha: to an eye of kurala / KR of Madeniyet zhane aknapar mines-gi. Til komiteti*, Almaty: Arda, 2006, 192 p.
- 40 Suleymenova E.D. *Language processes and policy: monograph*, Almaty: Khazak university, 2011, 117 p.
- 41 Makhat D. *Language and eloquence: Historical information, time and truth: articles and studies*, Astana: Ana tili – Ata tariyk, 2007, p. 192.
- 42 Smagulova S.O. *Otan tariykhi*, 2007, 1, p. 120–130.
- 43 Kudaybergenova Zh.A. *National and language construction in Kazakhstan (1946–1960). Historical aspect*, Almaty, 1999, 140 p.
- 44 Abdygaliyev B. *Kazakh mission: collection of articles*, Almaty: Dayk-Press, 2007, 313 p.
- 45 Tlepina Sh.V. *National cultural centers of the Republic of Kazakhstan: formation, activity, problems (1985–1995 yy.): yew. ... edging. ist. sciences*, Almaty, 1997, 207 p.
- 46 Batpenova Z.S. *A historiography of an ethnic question in Kazakhstan (1956–1991 yy.): yew. ... cand. of historical sciences*, Almaty, 1999, 178 p.
- 47 Dzhumaliyeva L.T. *1975–1995 zhyldardaga Cossack of a mekteptera (lady of a tariykha of Zhane of a taglyma): historical sciences edging. ... yew.*, Almaty, 1987, 159 p.
- 48 Kutybayeva R.S. *Kazakstandagy ultparalyk katynastar of a maselesa (1980–1994 live journals): tap. gyl. edging. ... yew.*, Almaty, 1985, 164 p.
- 49 Kadysova R.Zh. *History of development of system of multinational education in Kazakhstan: experience and problems (1985–1995): synopsis. ... edging. ist. sciences*, Almaty, 1999, 30 p.
- 50 Ramazan A.A. *Kazak of a baspasozza of Zhane of Kazakstandagy tit sаясатынын a kalypstasa, the lady of a zholdara: doctor of Philosophy ... yew.*, Almaty, 2010, 242 p.
- 51 Alpatov V. *150 languages and politician. 1917–2000. Sotsiolingvistichesky problems of the USSR and former Soviet Union*, Moscow: Kraft Institut of oriental studies of the Russian Academy of Sciences, 2000, 224 p.

- 52 Avtorkhanov A. *Empire of the Kremlin (magazine version)*, Moscow: The polyfact – Friendship of the people, 1991, 112 p.
- 53 Asatova G.R. *Language policy in Uzbekistan in the XX century*: abstract of dis. ... cand. of historical sciences, Tashkent, 2004, 29 p.
- 54 Zablotsky V. *Century. Language policy in Ukraine: state and direction of optimization*: abstract of dis. ... cand. of historical sciences, Kharkiv, 2007, 16 p.
- 55 Culture. Weekly newspaper of the intellectuals, 1999, 42 (7202), November, 23, [ER]. Access mode: [http://www.Kultura-portal.ru/tree\\_new/culpaper/article.Jsp?number=94&rubric\\_id=200](http://www.Kultura-portal.ru/tree_new/culpaper/article.Jsp?number=94&rubric_id=200)

Репозиторий Қарғу